

Бірегей музей

Тәуелсіздік күні қарсаңында облыс орталығында «Ertis» бірегей музейі ашылады. Мұнда көне палеозой дәуірінен бастап қазіргі кезге дейінгі экспонаттар көпшілік назарына ұсынылмақ.

Музей Павлодар қаласы Есенәлиев көшесі, 2 мекенжайында, өрт сөндіру және авариялық құтқару қызметінің бұрынғы ғимаратында орналасқан. Облыстық мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының мәліметі бойынша, екі қабатты ғимаратты қалпына келтіру үшін ERG компаниясы 300 млн. теңге көлемінде демеушілік көрсетті. Сонымен қатар, мәдени мекемеге экспонаттар қою үшін облыстық бюджеттен 300 млн. теңге қарастырылды. Жаңа мұражайды «Лучеза» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жобалап, «Связдеталь» компаниясы құрылыс жұмыстарын жүргізді. Ал өңіріміз үшін бірегей болып саналатын көрмені «МК-Өнер_KZ» компаниясы дайындаған. Музей экспозициясының құрылымына мультимедиа жабдықтары, безендірілген инсталляциялар, қабырға суреттері, мүсіндерді дайындау, экспонаттардың көшірмелері мен нақпіншілері, залдардың безендірілуі кіреді.



Заманауи мәдениет орны бір уақытта 600-ге жуық адамды қабылдай алады. Тоғыз көрме залында 30 қызметкер жұмыс жасайды. Бірінші қабатта қордың қоймасы, жаңғырту зертханалары, көрме залы, сондай-ақ әкімшілік және қосымша блоктар, екінші қабатта көрме залы, планетарий, заманауи табиғатқа арналған экспозиция орналасады. Мұражайдың ең көрнекті экспонаттарының бірі - мамонттың қаңқасының үлкен мүсіні.